

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің

«Дебат жастар» клубы үйірмесінің

Талдауы

Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 2022-2023 оқу жылында дебат клубы құрылып, жоспары жасалып бекітілді. Дебат клубының негізгі мақсаты: мектептегі дебат қозғалысы бағыттарын идеологиясын қазақстандық оқушыларды қазіргі заман қоғам мен мемлекет өміріне табысты әлеуметтік және интеграциялау, жоғары адамгершілік-рухани, көп мәдениеттік жалпы құндылықтары мен патриоттығы негізінде азаматтық қалыптасу біріңғай жүйе ретінде анықтау. Қоғам санасында балалар мен жастардың бейнесін қоғамның белсенді бөлігі ретінде нығайту.

Жалпы оқу жылы басында дебат үйірмесіне 15 оқушы қабылданып, оларға дебат туралы түсінік сабақтары жүргізілді. Жоспарға сай «Ұшқыр ой алаңы» жұмыстары оқушылармен таныстырылды. Жалпы әр сайыс осы АПФ форматы бойынша жүргізілді. Әр тоқсан сайын оқушылар әр тақырыпта дебат пікірталасын өткізіп, сайысып отырды. I тоқсанның жартысында үйірме оқушылары «Қатігездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шараға байланысты 7-9 класс оқушыларына «Білім беру ұйымдарының пікір сайыс клубтарының алаңдарында балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатігездік мәселелерін талқылау» болып өтті. Мақсаты: зорлық - зомбылықсыз өмірдің негізгі мәселелерін түсіндіре отырып, қоғам арасындағы қатігездіктің алдын алу. Сонымен қатар II тоқсанда «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» онкүндігінің жоспарына сай «Тәртіпке бағынбаған құл болмайды» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Осы онкүндік аясында «Сенің

күқықтарың мен міндеттерің» тақырыбында 7-9 класс оқушылары арасында пікірсайыс болып , Шабыт фракциясы жеңіске жетті.

2022-2023 оқу жылында Жақсыбайкөл негізгі мектебі «ЖасStar» фракциясы аудандық жарыстарға белсене қатынасып отырды. Атап айтар болсақ, Ойыл аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Абайдың «Толық адам философиясы» облыстық дебат турнирінің аудандық іріктеу кезеңінде «ЖасStar» фракциясы Алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар ІІ тоқсанның желтоқсан айында Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық мұрасын насихаттау «Ұлт ұстазы-Ахмет» тақырыбындағы аудандық турнирге қатынасып келді. Осы турнир барысында ауданымызда дебат қозғалысын даңтуда атқарып жүрген еңбекті бағалу негізінде жетекшілерді Алғыс хатпен марапаттады. Сонымен қатар мектебіміздегі кіші топ «Шабыт» фракциясы қаңтар айында аудандық дебат турниріне қатысып екінші орымен марапатталды.

Мамыр айында 1 мамыр ұлттар достастығы күніне орай өткен іс-шара жоспарына сай «Қазақстан бірлік пен татулықтың ордасы» тақырыбында класаралық дебат турнирі болып «ЖасStar» фракциясы жеңіске жетті.

Алдағы жылы жоспарға сай жұмыстар жүргізіп, аудандық турнирлерге қатынасуға оқушыларды жоғары дәрежеде дайындықпен жүлделі орындар алу, негізгі мақсатта болады.

Үйірме жетекшісі: Байқуатов Төлеген Молдабайұлы



Аудандық марапаттар

ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӨСПОДАҚ ТҮЙІМІ  АЛҒЫС ХАТ Құрметті Талғат Молдабайұлы! Ғағар с.п. қиындағы тілді, шешендігің қадірін білем. Бүгінгі «Ғағар ой алаңы» жобасы аяқталуы бойынша шешендігің, сөз қадірін біледі, өз ойың еркін әрі жүйелі жеткізуге баулитын ерекше жоба. Ауданымызда дебат қозғалысын дамытуда атқарып жүрген еңбегіңізге алғысымды білдіремін. Шәкірттеріңіз жетік тұлғарымен көріне беруге тілектеспін. Көсподақ төрайымы  Т. Мұхамбетова	АКТОБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ- ММ  ДИПЛОМ III ДӘРЕЖЕЛІ Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлттық пікірсойыс облыстық турнирінің аудандық іріктеу кезеңінде қатысқаны үшін Марапатталған <u>Ж.М. (сөзін тарт)</u> Марапатталған <u>С. Меруенов</u> МАРАПАТТАЛАДЫ Жетекшісі: <u>Талғат Молдабайұлы</u> Бөлім басшысы  С. Меруенов Ойыл селосы, 2023 жыл
АКТОБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ- ММ  АЛҒЫС ХАТ Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Абайдың «Толық адам философиясы» облыстық дебат турнирінің аудандық іріктеу кезеңінде қатынасқаны үшін <u>Жарасымбай Н.М. «MacStar» жобасына</u> АЛҒЫС БІЛДІРЕМІН Жетекшісі: <u>Байжанов Т.А.</u> 	